

ӘӨЖ 070
ҒТАМР 19.41.41

ФАКТЧЕКИНГ – МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛ

А.Ж. Шайкенова¹, Т.А. Морозова¹

¹М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Еліміздегі БАҚ – дағы фактчекинг термині бүгінгі ақпарат заманында көпшілікке жарияланған мәлімдеменің шынайылығын тексеріп, сол арқылы заманға сай әлемдік медиа кеңістіктегі фейкпен күресудің басты құралы ретінде қарастырылады. Оның басты қағидаларына мыналар жатады: қаржыландыру көздерінің және пайдаланатын әдіс – тәсілдерінің ашықтығы, тәуелсіздік әрі жарияланымдарды ашық көздерден алу. Жалған жаңалықтарға қарсы жалғыз қару «фактчекингті» үйреніп, оны қажет жағдайда қолдана білу жаһандану заманының талабына айналып отыр. Журналистика саласындағы жаңа тренд медиасауаттылықты арттыруда да маңызды рөл атқарады, себебі фактчекинг арқылы қазіргі қоғам, соның ішінде қазақи қоғам оқыған дүниесін сараптап, күдік, фейк, манипуляция, популизмді ажыратуға мүмкіндік алады. Көптеген қазақ тілді ақпараттар өзге тілден аударылғанда мағынасы өзгеріп, тіпті дәлме – дәл тәржімаланбай автор тарапынан өз ойын қосу арқылы көп жалған ақпараттар еніп жатады, себеп қазақ тілді контенттің ақсауына әсер етпей қоймайтыны да анық. Демек медиасауаттылық пен фактчекинг тым ауқымды әрі егіз ұғым ретінде қарастырылады. Мақалада Қазақстандық factchecking.kz ресурсының жұмысы мен фактілердің анық – қанығын зерттеудегі мәлімдемелеріне талдау жасалынып, автор тарапынан баға беріледі. Және болашақ фактчекерлерге арналған мемлекеттік ашық ақпарат көздерінің тізімі ұсынылады.

Түйінді сөздер: фактчекинг, фактчекер, фактоид, медиасауаттылық, манипуляция, популизм, фейк, қазақ тілді контент, саналы қылмыс.

ФАКТЧЕКИНГ – ВАЖНОЕ СРЕДСТВО ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ МЕДИАГРАМОТНОСТИ

Шайкенова А.Ж.¹, Морозова Т.А.¹

¹СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Термин фактчекинг в СМИ нашей страны в настоящее время рассматривается как главный инструмент борьбы с фейком в современном мировом медиа пространстве. К его основным принципам относятся: прозрачность источников финансирования и используемых методов и способов финансирования, независимость и получение публикаций из открытых источников. Единственное оружие против лжепредпринимательских новшеств становится «фактчекинг» и использование его в необходимых случаях в соответствии с требованием глобализации. В области журналистики фактчекинг играет важную роль и в повышении медиаграмотности, так как данный тренд позволяет проанализировать мир, изучаемый современным обществом, в том числе казахским обществом, различать подозрения, фейк, манипуляцию, популизм. Многие информации на казахском языке при переводе на другой язык меняются смыслом, отражая в тексте собственный взгляд автора на то или иное событие, что в свою очередь является причиной низкого содержания контента на казахском языке. Следовательно, медиаграмотность и фактчекинг рассматриваются как слишком обширное и близкие по определению понятие. В статье говорится: factchecking.kz анализируют заявления по изучению достоверности фактов и работы ресурса, дается оценка автором. И список открытых официальных источников информации для будущих факторов.

Ключевые слова: фактчекинг, фактчекер, фактоид, медиаграмотность, манипуляция, популизм, фейк, казахскоязычный контент, сознательное преступление.

**FACT-CHECKING IS AN IMPORTANT TOOL
FOR IMPROVING MEDIA LITERACY****A. Shaikenova¹, T. Morozova¹***¹NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan***Abstract**

In the mass media of our country, the term fact – checking is currently considered as the main tool to combat fake in the modern world media space. Its main principles include: transparency of funding sources and the methods of financing, independence and obtaining publications from open sources. The only weapon against pseudo – entrepreneurial innovations is «fact – checking» and its use, if necessary, in accordance with the requirements of globalization. In the field of journalism, the fact-checking plays an important role in increasing media literacy, as this trend allows us to analyze the world, studied by modern society, including Kazakh society, to distinguish between suspicion, fake, manipulation, populism. Many information in the Kazakh language, when it translated into another language, changes its meaning, reflecting the author's view for this or that event in the text of, this in turn is the reason for the low content of content in the Kazakh language. Consequently, media literacy and fact – checking are considered to be too broad and close by definition concepts. The article says: factchecking.kz analyze statements to study the reliability of the facts and the operation of the resource, the author gives an assessment, and a list of open official sources of information for future factors.

Key words: fact checking, fact checker, factoroid, media gamma, manipulation, populism, fake, Kazakh – language content, deliberate crime.

Кіріспе

Кейбір бұқаралық коммуникация құралдарында дерегі анық емес немесе бұрмаланған ақпарат арқылы адамдарды қоғамнан түңілдіруге, елдің деңгейін түсіруге ұрындыратын жағдайлар көп кездеседі. Осы орайда «ақпараттық шексіз еркіндіктен қалай сақтануға болады?» – деген сұрақ кімді болмасын алаңдатпай қоймайды. Еркіндік дегенді журналистер қалағанын жазу, білгенін істеу деп түсінсе, ұғым осылай қалыптасса – ондай бостандық жүзеге асырыла бастаған сәтте-ақ тұйыққа тіреледі. Мұндай тығырықтан құтқаратын басты жол – медиа және ақпараттық кеңістіктегі Қазақстан сөздігіне 2017 жылы ғана енген «фактчекинг» атты жаңа термин. Журналистер құқықтық және этикалық сан алуан шектеулер мен заңдық нормаларға, редакцияның шығармашылық ережелеріне, ішкі тәртібіне сөзсіз бағынуы қажет, дегенмен жалған ақпаратты тарататындардың ішінде қоғамдық ақпарат қызметкерлерінен бөлек сол қоғамдағы қарапайым адамдар да бар. Сондықтан жаһандық ақпараттану көшінде фактчекингті зерттеу аса маңызды. Жалпы бұл терминге мынадай анықтамалар сай келеді. Біріншіден, фактчекинг – саяси айла-шарғыны, өзекті әлеуметтік мәселелерді көтеріп, өз мақсатында пайдалануды көздегендерді әшкерелеуге арналған тиімді құрал; Екіншіден, ол – азаматтардың ақпараттану деңгейін көтеруге арналған алаң.

Фактчекинг (ағылшын тілінен аударғанда «фактілерді тексеру») аттыұғымды көбінесе украиналық медиа-кеңістікте жиі еститініміз рас. Бүгінгі күні фактчекинг ақпараттық соғысқа қарсы насихат «қорғанысының» форпостына (қазақша айтсақ, қақпасына) айналып отыр. Қазіргідей рухани жаңғыру кезеңінде фактчекингті дамыту аса маңызды. Ол – қисынды әрі заңды. Белгілі бір жағдайға байланысты әр адамда әр түрлі пікір қалыптасатыны рас, алайда нақты фактілер қоғамда дау тудырмайды. Сол себепті де факті тек қана бекітілмеуі керек, ол тексерілгеннен кейін қайта тексеріліп ұсынылуы қажет. Деректерді бұрмалау бұл шындық пен дәлдікке қарсы қылмыс болып саналады. Мұндай саналы қылмыс әділдік пен тәуелсіздікке қарсы болса, ол – нағыз тоқырау. Жалпы ақпарат иеленушілердің әрбірінде «фактіні не үшін талдау керек?»

деген ой болады. Оның басты себебі: жалған деректер оқырманның санасында әлемнің жалған картинасын қалыптастырады. Фейктер, ең алдымен, басылымның беделіне нұқсан келтіреді. Осы орайда «сенімді жоғалту – оңай, қайтару – қиын» деген қағиданы естен шығармау керек.

Нанымды хабар түрінде сыбысты таратуға болмайтындығы заңнамада да жазылған. Ақпараттық шу, ақпараттық соғыс, фейктің көптігі бүгінгі журналистің жұмысын төзгісіз жағдайға әкеліп жатады. Бұл жерде «қазіргі цифрландыру дәуірінде деректі қалай тексеруге болады?» деген сұрақ туындайды. Дәл осы ақпараттың нақтылығын тексерудің бес сенімді тәсілі бар.

Зерттеу әдістері

Бірінші, түпнұсқаны немесе бірнеше тәуелсіз дереккөздерден алынған ақпараттың расталуын іздеу. Бұл тәсілмен барлық сапалы басылымдар баяғыда–ақ қаруланып алған. Алғашқы дереккөз (түпнұсқаға) қол жеткізу – байсалды әрі жауапты журналист үшін кәсіби талап. Ал дереккөз дегеніміз – алғашқы пікір мен әрекетті бастайтын адамның өзі. Мәліметті әртүрлі дереккөздерден тексеру, сарапшылардан түсініктеме алу ешқашан артық етпейді. Алайда оқырмандардың контексті жақсы түсінуі үшін дереккөзді түсіндірмеден ажырата білу керек.

Екінші тәсіл – қарсы жақты тыңдау, олардан жауап алу. Бірінші ережеге байланысты журналист қанша дереккөзден жауап алса да, егер олардың барлығы бір ұстанымда болса, онда тексеріліп жатқан мәлімдеме өз шындығын жоғалтатындығы даусыз. Кез келген жағдайда қоғамдық пікірдің кереғар екі жағы болады. Болған жайтқа байланысты барлық қатысушылар мен қызығушылық танытқандармен байланысуға тырысып көру керек.

Үшінші, фейкті шындықтан айырып тануға үйрену. Келесі аса қажет дағды – фейкті ажырату. Бұл бір қарағанда оңай көрінуі мүмкін. Саналы жасандылық пен алдамшы мәліметті бірден көруге машық керек. Бұған немқұрайлылық, жаңылыс әрі техникалық қателіктер жатады. Олар көптің санасын жаулап жалған шындыққа айналады. Сол себепті де фактчекингте есімдерді, мамандықтарды, аталған адамдардың лауазымын тексеру, күндерді, атауларды, мекен–жай және т.с.с салыстыру өте маңызды. Фейк бұқараның көңілін көтеру үшін бағытталған белсенді ой болуы да ықтимал.

Төртінші, фактінің дәлдігі сенсациядан да маңызды екенін есте сақтау. Эмоция – фактчекердің қауіпті жауы (бұл ретте айта кету керек, көп жағдайда эмоция – журналистің жақсы досы). Фактчекердің жұмысында «сенсацияның» жетегінде жүріп өзіқалаған жайтты шындыққа балау қызығушылығы жиі ұшырасады. Кейбір медиа өкілдері аудитория арасында танымал фактоидтерді ерекше ықыласпен шығарады. Ал фактоид дегеніміз – фейк мағынасына жақын ұғым. Аталмыш терминді 1973 жылы қолданысқа енгізген америкалық жазушы Норман Мейлер. Ол оны Мэрилин Монроның өмірбаянын жазуда қолданған. Ағылшынша factoid (fact – факт, oid сөзіеidos формасынан алынған, түр дегенді білдіреді. Ресми түрде мәлім болған ақпарат тек жария болғаны үшін «ақиқат» болып саналады. Ал негізінде фактоид – шындыққа жанаспайтын, алайда белгілі бір жағдайларға байланысты шынайы болып табылатын және шынайы ақпарат деп мәлімделген хабарлама. Мұндай хабарлама, яғни фактоид бір қарағанда фейкке өте ұқсас, өйткені құрылымдарында «шынайылық қабы» бар. Өзге жағдайда бұл логикаға сай келмейтін «факт», сондықтан да оның жалған екендігін бірден білуге болады. Дәл осы фактоидтың 2 түрі кездеседі. Олар: шындыққа жанасатын және ақпараттық шу.

Бесінші тәсіл – әлеуметтік желілерді абайлап қолдану. Әлеуметтік желілер журналист пен редакцияның жұмысын не қиындатады немесе жеңілдетеді. Әрбір кездескен фактінің кем дегенде 2–3 дәлелді нұсқасын табу қажет. Сондай-ақ фактчекингте ақпарат пен дереккөзді ажырата білу өте маңызды. Бүгінде Интернет пен әлеуметтік желілердің арқасында әрбір адамның жасаған жұмыстарын туыстары мен жолдастарына хабарласу, әріптестері мен таныстарынан сұрастыру арқылы табу жеңілдей түсті. Сол себепті әр жарияланатын ақпаратқа абай болу керек. Фактчекинг – тұрақты ережелердің жинағы емес. Ол, ең алдымен, жауапкершілік, тексерушінің (фактчекердің) қызығушылығы мен алаңдаушылығы, медиаландшафтіні түсінуе білу.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі ХХІ ғасыр – ақпараттар ғасыры. Қаптаған ақпараттар тасқынында жалған мәліметтер де аз кездеспейді. Қоғамның назарын аударту үшін немесе арзан танымалдылыққа ие болу үшін кей адамдар «фейк» ақпарат таратып жатады. Олар бұдан не ұтады? Заманауи тілмен айтқанда «подписчик» жинауды көздейді. Өткенде ғана белгісіз адамдар ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Алтынбек Қоразбаев, кейін әнші Төреғали Төреәлі дүние салды деген жалған ақпарат таратып, халықты бір дүрліктірген еді. Күні кеше көршілес Ресей БАҚ – да да «Композитор, музыкант Бари Алибасов өмірден озды» деген «fake» жаңалық танымал музыканттың тыңдармандарын біраз дүрбелеңге салды. Тіпті бұл хабар бірнеше ресейлік телеарналардан да көрсетілді. Бірақ елді шулатқан жаңалықты продюсердің менеджері жоққа шығарып, көпшілікті сабырға шақырды. Жіпке тізгендей тізе берсек, мұндай жалған ақпараттар (fake) бүгінгі БАҚ – ның қай түрін алсақ та жетіп артылады.

Осы орайда түртіп кетер бір жәйт, егер мәліметтің шындыққа сай келетіндігін анықтау қажет болса, яғни сілтеме немесе мәлімет алынған сайт атауы көрсетілмесе, онда сол мәліметті ағылшын тіліне аударып, «YouTube» немесе «Google» іздеу жүйелерінен қарап көру қажет. Бір ғана жаңалық топтамасынан ғана емес, мемлекеттік арналар не болмады газет – журналдар сайтынан да қараған дұрыс. Бұл тәсіл жалпы шетелдік ақпараттар күмән тудырып, екі ойлы болған адамдарға қолайлы.

Әр көріп, естіп, оқыған дүниені шындық деп қабылдауға болмайды. Кез келген мәлімдемеге сыни көзбен қарауға дағды қалыптасу керек, әрбір адам танысқан жаңа мәліметтің рас – өтірігін анықтап алуы қажет. Көгілдір экрандағы жаңалықтар айдан анық ақиқат, интернетте өршіп жүзген жазбалар әрдайым сөзсіз шындық бола бермейді. Олардың ара – арасында фейк ақпараттар да бой көрсетіп жатады. Сондықтан осы орайда тағы да «фактчекингтің» көмегіне жүгінуге тура келеді. Фактчекингтің мүмкіндігі де мол, себебі фактчекингпен айналысатын басылымдардың беделі әрқашан жоғары, қоғамдық ықпалы зор, олардың зерттеулеріне сенім артылады әрі мәліметтерінен дәйексөз алуға болады. Және де фактчекинг – саясаткерлерді өз бақылауына ала алатын басты құрал. Сол себепті де бұл жүйе барлық ақпарат қолданушыларына аса қажет. Бүгінде бір ғана Қазақстанда емес, барлық шет мемлекеттерде өршіп тұрған мәселе – көптеген белгілі саяси тұлғалардың сайлау алды үгіт – насихат жұмыстарын жүргізгенде өтірік пен популизмді қалыпты жағдайға айналдыруы. Олардың өзекті әлеуметтік жәйттар төңірегіндегі ұрандары мен уәделері популизм мен манипуляция негізінде құрылады. Оған көпшіліктің еті үйренген, әйтсе де «аңқау елге арамза молданың» күйін кешіп жатқандар да аз емес. Мәселен, жалған фактілерді анықтау мақсатында украиналық медиа – кеңістікте пайда болған бірнеше фактчекинг ресурсының мамандары мол көлемдегі өтірікті көріп, саяси қызметкерлердің ауызша айла-шарғыларына кез болған. Бір жыл ішінде украиналық

фактчекерлер билік басындағылардың 1000 – ға жуық мәлімдемесін сараптап үлгерген. Мәлімдемелердің шамамен 55% – ында ақиқатқа сай емес дерек көрсетілген және «өтірік» деген үкіммен таңбаланған, 25% – ы – «жартылай шындық», тек 20% – ы ғана «шындық» болып шыққан [1, 24–25 бб.].

Әйгілі ақын Тарас Шевченкодан қалған «Күресіңдер, күресіп жығыңдар» деген афоризмін бүгінгі фактчекингпен байланыстырсақ, мынадай тұжырымға келуге болады: фактчек анықтамасын және әсерлі әрекетін қолдана отырып, «әшкерелендер және әшкере етіндер». Яғни фактчекерлердің алдында тұрған міндет өте жауапты әрі күрделі. Сондықтан фактчекингтің мүмкіндіктерін жете білу қажет. Ал фактчек дегеніміз – БАҚ – дағы популизм мен манипуляцияны, түрлі деңгейдегі спикерлердің көпірме сөздеріндегі күмән тудырған фактілерді әшкере етуді көздеп, техникалық ерекшелікті иеленген заманауи зерттеу құралы.

Сандық технологияның арқасында бүгінгі таңда ақпарат – күніне мың мәрте көбейіп отыратын өнім. Жаңалықтың аз уақыт ішінде жылдам таратылуы – бүгінгі күннің тағы бір ерекшелігі. Және де дәл осы ақпараттардың сан түрлілігінен қазір PR технологиялардақатар белең алуда. Олар медиа ағымды әсер ету құралдарымен, популизм мен манипуляция элементтерімен толықтырады. Бұл аталған «формаларды» өз деңгейінде емес, әр деңгейде қолдану «ақпараттық соғыс» салдарына әкеп соғуы мүмкін. Демек фактчекерлерге мұқият болған жөн.

Жалпы фактчек форматында жұмыс істейтін әуелгі ресурстар шамамен отыз жылдай бұрын пайда болған, қазірде әлем бойынша олардың саны 150. Латын Америкасы, Африка құрлығы, Батыс Еуропа елдерінде өз фактчекинг платформалары бар. Ең үлкен көлемдегі фактчек – ресурстар желісі Америкада, олардың саны отыздан асып жығылады. Ал елімізде өткен жылы Думан Смақов деген азамат MediaNet халықаралық журналистика орталығы «Сорос – Қазақстан» қорының қолдауымен Орталық Азия мен Қазақстандағы фактчекинг және ақпараттың рас – өтірігін тексеруге арналған «Factcheck.kz» атты тұңғыш жобаны іске қосты. Аталмыш жобаның басты мақсаты – БАҚ – да таратылатын біршама ақпараттардың анық – қанығын тексеріп, шындық әлде жалған екендігін анықтау. Олар қоғамда айтылған көптеген мәлімдемелердің рас – өтірігін жан – жақты талдап, зерттеу жүргізеді. Мәселен, «factcheck.kz» сайтының тілшісі Катерина Клеменкованың «Қазақстанда әлеуметтік желілерді блоктаудың бір сағаты 2,6 млрд теңге – миф әлде шындық?» деген мақаласы жарық көрді. Мақала: «12 маусым күні Esquire журналының сайты Қазақстандағы әлеуметтік желілерді блоктауға қатысты «күн санын» жариялады. Материалды еш тексерместен басқа да БАҚ – тар өз беттерінде жариялады, сонымен қатар бұл ақпарат әлеуметтік желілерде танымал болып кетті (facebook – дағы ресми парақшаның өзінен 800 – ден аса қолданушы бөліскен)», – деп басталады. Және де мақалада фактчекерлер тексеріс жасап, көпті мазалаған мынадай сұрақтарға жауап іздеген:

- Интернетті қадағалау қанша тұрады?
- Қателік қайдан туындады?
- Блоктаудың кері әсері
- Шығын және оны қалай есептеуге болады?

Фактчекерлер бірінші сұраққа байланысты пікірді былай көрсеткен: «Esquire былай дейді: COST есебі бойынша барлық әлеуметтік желілердің (Facebook, Instagram, Twitter, YouTube, WhatsApp) бір сағатта толық блокталуы 2 млрд 669 млн 558 мың 498 теңгені құрайды». Енді бұл пікірге қатысты олар өздерінің үкімін шығарған, яғни «Esquire» редакциясының қателігін көрсеткен: «Күн санын жариялаған Esquire тілшісі

ұқыпсыздығының әсерінен үлкен аудиторияға дезинформация таратты. Сайтта жарияланған сан әлеуметтік желілерді блоктаудан емес, елдегі интернетті толығымен бір сағатқа өшіргенде болатын шығын», – деген.

Фактчекерлер екінші сұрақтың жауабын былай тұжырымдады: «Егер әлеуметтік желілерді көрсетпесе, бағдарлама жаһандық интернетті толық өшіргенде болуы мүмкін шығындарды көрсетеді».

Үшінші сұрақтың жауабын отандық фактчекерлер ҚҚҚ инновациялық және қаржылық технологияларды дамыту орталығының директоры Константин Пактің пікірімен байланыстырған. Ол: «Әлеуметтік желілерді блоктаудың электронды коммерцияның қызметіне және жалпы экономикаға әсері болатыны белгілі, бірақ санмен қандай да бір нақты баға бере алмаймын. Өйткені онлайн сегменттегі мұндай негативті әсер басқа сегменттерге әлдебір артықшылық беруі мүмкін, сол себепті экономикаға жалпы зардабын есептеу қиын», – деген.

Ал төртінші сұраққа: «Әлеуметтік желілерді бір сағатқа өшіргеннен болатын шығынды есептеу өте қиын, тіпті мүмкін емес. Мысалға, gazeta.ru сайты былай деп жазады: «2017 жылы желтоқсан айында үкіметке қарсы қозғалыстар кезінде Иран билігі Telegram мессенджерін екі аптаға блоктап тастады. Мұндай шектеу экономикаға негативті әсер етті – әсіресе Telegram қызметін қолданатын шағын бизнеске залалы көп болды. Кейбір көрсеткіштерге сүйенсек, екі апта блоктау әсерінен банк транзакцияларының саны 40% – ға азайып кетті... Ресми емес ақпараттар бұл кезеңде 100 мыңға жуық адам уақытша жұмысынан айырылды дейді», – деп жауап берді. Демек осы бір талданған материалға қарап қазақстандық фактчекерлер дұрыс жұмыс жасап жатыр деген тұжырымға тоқталуға болады. Олар қоғамды дүрбелеңге салатын ақпараттарды жан – жақты зерттеп, оның анық – қанығын тексеріп барып қана жариялап отыр. Бұл – Factcheck.kz жобасының жемісі. Және де айта кетсек, бұл сайт заңға қайшы ақпараттарды тарату, насихаттау немесе жарнама түріндегі мақалаларды жариялауға үзілді – кесілді қарсы. Жас дәріскерлер Factcheck.kz редакторы Думан Смақов өз сөзінде: ««Шындыққа әркімнің де бар таласы» демекші, әрбір азамат ақпараттағы нақты фактілерге назар аударып, қаншалықты дұрыстығын, қандай дереккөздерге сүйенгендігін, мәліметтің әлеуметтік маңыздылығын анықтауды білулері керек. Айтылған пікірді ресми, ашық ресурстар арқылы тексеруге болады», – деген еді.

Қорытынды

Фактчекинг – журналистика жанры емес, ол бұл саланың шекарасынан асып, қоғамның медиасауаттылығын арттыратын маңызды әдістемелік құрал. Онда зерттелетін негізгі объект – жұрт алдында жасалған мәлімдеме. Фактчекинг пен медиасауаттылық – ағайынды ұғымдар. Олар ешқандай блоксыз дезинформациямен күреседі, қоғамға құрметпен қарайды, себебі оларда таңдау мүмкіндігі бар. Және де фактчекинг фейкпен күрескенде сөз бостандығы ұстанымын бұзбайтын жалғыз құрал. Ал аталған фейк (fake) – онлайн кеңістікте тарайтын жалған ақпарат немесе хабарлама деген ұғым. Фейк – ньюс терминін ауызға алғанда бірден есімізге АҚШ – тың Президенті Дональд Трамп түседі. Ол сыншылардың барлығын солай айтады.

Жалпы фактчек өз ішінде бірнеше үлкен блоктан құралады: деректі тексеру (fact – checking), мифтерді, жалған ақпараттарды және стереотиптерді бұзу, әшкерелеу (debunking), шенеуніктердің мәлімдемелері мен уәделерін тексеру (promise tracking), үгіт – насихаттарды деконструкциялау. Фактчекингпен айналысқанда фактчекерлер мына форматтағы зерттеу құрылымын баса назарда ұстау керек:

– Зерттеу нысаны: қоғам алдындағы мәлімдеме (өте сирек жағдайда қоғам назарына ілінген), зерттеуге болатын жайт.

– Сұрақтың мәні: қосымша түсінік беруді талап ететін және дәлелдік элементтердің алдын алатын ақпараттық преамбула.

– Дәлел және уәж: фактілер, статистикалық деректер, құжаттар мен құжат негізіндегі ашық ресми дереккөздерінен алынған; сарапшылардың құжатпен дәлелденген ақпараты немесе ашық дереккөздерінің сілтемесі.

– Үкім: қорытынды – үкім (мәселен, жалған, шындық немесе манипуляция) қысқаша жазылған уәждерімен.

Қазақстандық factcheck.kz ресурсы еліміздегі ашық ақпарат көздерінің тізімін көрсеткен. Олардың қатарында ҚР Парламент сайты, ҚР Парламент Сенатының сайты, ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Whoiz.kz, ҚР Ұлттық банкі, Қазақстан қор биржасы, ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық есептілік Депозитарийі, Ашық деректер (жүйеге кіру үшін электронды цифрлы қолтаңба керек – ЭЦҚ), Ашық бюджеттер (бұл сервиспен жұмыс жасау үшін ЭЦҚ керек), Ашық диалог (бұл сервиспен жұмыс жасау үшін ЭЦҚ керек), ҚР Жоғарғы соты сайттары бар. Бұл ресурс жуырда ҚР Жер Кодексі, ШҚО әкімдігінің ресми сайты, ШҚО әкімі Д.Ахметовтың жеке блогы ашық дереккөздерін пайдаланып әлеуметтік желілер мен сайт парақшаларын шулатқан «ШҚО әкімі қытайларға 40 мың гектар жер беретін болды» деген мәлімдемеге нүкте қойды. Яғни оның фейк екенін дәлелдеді. Олар мынадай үкім шығарды: «ҚР бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 6 мамырдағы 248 жарлығына сәйкес, 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін жерді шетелдік азаматтар мен шетелдік компанияларға сатуға мараторий жарияланған. Сондықтан да бұл – жалған ақпарат». Ал осы шығарылған үкім – мәліметтің жалғандығын растайтын құжат. Әрбір фактч маңызды бөлім.

Елімізде енді қанат жайып келе жатқан фактчекинг жобасы жақсы қарқынмен дамып келеді. Ол тек қана деректерді әшкерелеуге ғана емес, қоғамның медиасауаттылығын арттыруға да жәрдемдесуде. Оның болашағы зор болмақ.

Әдебиет:

1. Гороховский А. Фактчекинг – журналистика зерттеуінің тренді: мүмкіндігі мен болашағы. Алматы қаласы, – 2017. – 24 – 25 бб.
2. Александр Гороховский, Практическое пособие «Фактчекинг как тренд журналистских расследований: возможности и перспективы» 2017 – 111 стр. Алматы. https://alifbo.com/wp-content/uploads/2018/10/Factchecking_book_ru.pdf.
3. Экология медиасреды: проблемы безопасности и рационального использования коммуникативных ресурсов. Материалы второй Международной научно-практической конференции. – М.: Ф–т журн. МГУ, 2016. –170 с.